



# Ембі ТЫНЫСЫ

№5 (135)  
МАМЫР  
2025 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

## ӨНДІРІСТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ – БАСШЫЛЫҚ ПЕН ЖҰМЫСШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС



Өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығынан құрылған арнайы жұмыс тобы кен орындарын аралап, өндіріс барысымен және еңбек жағдайымен танысты. Нақтыласақ, «Жылыоймұнайгаз» бен «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының кеніштерінде болып, ұжымның бүгінгі ахуалын білді.

Бұл жұмыс сапары – компанияның ішкі коммуникациясын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың бір көрінісі. Аталмыш басқармаларда бүгінгі таңда кеніштердің өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін геологиялық іс-шаралардың уақытылы орындалуы жұмыстарының нәтижесі тыңдалды.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңындағы жиынға ұжымның жауапты мамандары мен бизнес-серіктестер қатысты. Жиында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет Компания үшін ең өзекті мәселелерге жан-жақты тоқталды.

«Біз үшін маңызды шара – мұнай шикізат базасын толықтыру. Осы мақсатта ресурстық базаны нығайту бойынша белсенді жұмыстарды қолға алып жатырмыз. Жыл басында сіздермен болған кездесуде 4 инвестициялық жобаның іске қосылатынын атап өткен болатынымын. Ембінің табысты жұмыс жасауына мол мүмкіндік беретін бұл жұмыстар бірлескен шаралардың нәтижесінде ғана

жүзеге асады. Ол үшін Ембі кен алаңдарындағы бизнес-серіктестермен бірлескен жұмыс жолға қойылуы керек. Өндіріс мәселелерін бірлесе шешу, өндірістің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу – бүгінгі жиынның басты мақсаты» деп атап өтті Компания басшысы өз сөзінде.

Жиында өндіріс және әлеуметтік нысандарда қызмет көрсетіп жатқан бизнес-серіктестер өз жұмыстары туралы толық есеп берді. Нақтыласақ, «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығындағы жатақханалардың жөндеу жұмыстарының, С.Нұржанов кен алаңындағы бұрғылау жұмыстары мен ұңғымаларды жайғастыру және Қаратон-Терең-Өзек аралық 29 шақырымдық газ құбырының құрылысы секілді жұмыстардың бүгінгі жәй-күйі жан-жақты баяндалды.

3»

## Құрметті химия өнеркәсібі қызметкерлері, сала ардагерлері!

Мұнай-газ өндіру секторында айрықша маңызға ие негізгі салалардың бірі саналатын химия өнеркәсібінде еңбек ететін әріптестеріміздің еңбегін әркез бағалаймыз. Өндірілген өнімнің жоғары сапада тапсырылуы жолында тер төгетін мамандар қызметі техникалық сауаттылықты, жауапкершілікті, мұқияттылықты талап етеді.

Зертханалардағы тоқтаусыз тірліктің қиюын келістіріп, қара алтын сапасының талапқа сай болуы үшін еткен еңбектеріңіз ортақ жұмысымыздың нәтижелі болуына оң әсерін тигізеді. Сынамалық зерттеу жұмыстарына енгізіліп жатқан жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеріп, Ембі өндірісінде кеңінен қолдану арқылы сіздер тұтастай ел экономикасының дамуына үлес қосып келесіздер.

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Қызметтеріңізге жетістік, отбасыларыңызға амандық, мықты денсаулық тілейміз!




## Құрметті қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметкерлер, сала ардагерлері!

Сіздердің еңбектеріңіз – табиғатты аялауға, жер байлығын ұқыпты игеруге, болашақ ұрпаққа таза әрі қауіпсіз қоршаған орта қалдыруға бағытталған аса маңызды миссия. Өндірістік салада экологиялық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі үлестеріңіз зор.

Қоршаған ортаны сақтау – бәрімізге ортақ міндет. Осы жолда еңбек етіп, ғасырдан астам тарихы бар Компаниямыздың бұл бағыттағы жұмыстарының алға басуына үлес қосып жүрген сіздердің біліктіліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз әрдайым құрметке лайық. Экология – тек табиғатты қорғау емес, бұл – келешекке деген қамқорлық. Мұнай-газ өндіру сияқты өндірістік ауқымы кең салада сіздердің атқаратын қызметтеріңіз – аса жауапты, стратегиялық мәні зор бағыт. Кәсіби шеберліктеріңіз бен тұрақты бақылауларыңыздың арқасында біз өндірістік процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеміз.

Сіздерге зор денсаулық, кәсіби жетістіктер мен отбасы амандығын тілейміз! Мерекелеріңіз құтты болсын!



Ізгі тілекпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА – ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ИСАТАЙ АУДАНЫНДА 2800 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



4»

## САПАНЫҢ САҚШЫЛАРЫ



5»

## ЖАСТЫҚ ЖІГЕР ЖАЛЫНДАП...



8»



## КҮН ТӘРТІБІНДЕ

КОМПЛАЕНСТІҢ ЗАМАНАУИ  
СТАНДАРТТАРЫН ЕНГІЗУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

2025 жылғы 30 мамырда Атырау қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) және «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-де (АМӨЗ) комплаенс-қызметтердің жұмысына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алуға арналған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті.

Іс-шараға қоғамдық кеңестің төрағасы Марат Башимов, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің төрағасы Асхат Жұмағали, Атырау облысының

әкімі Серік Шәпкенов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Басқарма төрағасының орынбасары Әсет Мағауов, ЕМГ мен АМӨЗ басшылары, сондай-ақ ҚМГ комплаенс қызметінің өкілдері қатысты.

ЕМГ мен АМӨЗ-дің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оны алдын алу, ҚазМұнайГаз компаниялар тобында комплаенстің заманауи стандарттарын енгізу, аталған кәсіпорындарда бизнес-процестердің ашықтығын арттыру және тұтастай алғанда мемлекет пен квазимемлекеттік сектор арасындағы өзара іс-қимылды күшейту жөніндегі жұмысы талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша тараптар жиында көтерілген барлық бағыт бойынша ынтымақтастықты нығайтуға келісті.

<https://www.kmg.kz>

## МОДУЛЬДІК ОҚУ

Атырауда «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобының еншілес және тәуелді ұйымдарының 268 жұмысшыларына арналған модульдік оқу өтіп жатыр.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР  
ӨКІЛДЕРІ ОҚЫТЫЛУДА

Бағдарламада біліктілікті арттыру, NCCER халықаралық сертификаты бар «Crew Leadership» курсы, практикалық тапсырмалар мен емтихандар қарастырылған.

Оқуға жүк көтергіш машинисі, электргазбен дәнекерлеуші, электромонтер, химиялық талдау зертханашысы, бұрғышының көмекшісі және тауар операторы сияқты мамандықтардың өкілдері қатысуда.

Бағдарламаға Өзенмұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай, ҚазТрансОйл, ПМХЗ, ПК ОП, Caspi BITUM, ӨзенМұнайСервис, OSC, OCC және басқа да кәсіпорындардың мамандары тартылған.

<https://www.kmg.kz>

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

НЕФТЕДОБЫВАЮЩИЕ ПРОЕКТЫ  
ПРЕДСТАВЛЕНЫ МЕСТНОМУ СООБЩЕСТВУ

В селе Косшагыл Жылойского района прошли публичные слушания по обсуждению двух важных проектов: «Дополнение к проекту разработки месторождения Карасор Западный» и «Проект оценки возможных воздействий при строительстве нефтепровода Алтыкол-Карсак». В слушаниях приняли участие жители села Косшагыл, местные активисты, в онлайн-формате присутствовали представители государственных органов. Инициатором слушаний выступило АО «Эмба-мұнайгаз», а разработчиком двух проектов является АО «КМГ Инжиниринг».

## КАРАСОР ЗАПАДНЫЙ

Придерживаясь стратегии открытости, спикеры рассказали о значимых для местного населения аспектах разработки месторождения Карасор Западный. Целью проекта является технологически эффективная добыча нефти с учётом экологической и экономической составляющих. Для выработки оптимальных подходов на стадии технико-экономической оценки вариантов разработки учитывались как поставленные на баланс компании запасы месторождения, так и результаты их промышленной эксплуатации.

Согласно представленной информации исполнителя – АО

«КМГ Инжиниринг», в рамках проекта рассмотрено два варианта разработки. Один из них – базовый, который предусматривает вывод из консервации 6 скважин в ноябре 2025 года и внедрение системы одновременно-раздельной эксплуатации добычи нефти нескольких горизонтов. При данном варианте по результатам расчета рентабельный период эксплуатации месторождения продлится до 2055 года с извлечением 0,158 доли единиц от начальных гео-



логических запасов нефти.

Второй вариант – рекомендуемый по результатам технико-экономической оценки включает все решения первого варианта, и дополнительно уплотнение сетки скважин путем бурения двух новых наклонно-направленных скважин, резки боковых стволов, а также внедрение системы поддержания пластового давления с целью обеспечения извлечения всего объема поставленных на баланс ГКЗ РК извлекаемых запасов нефти и достижения утвержденного коэффициента извлечения



нефти в размере 0,3 доли единиц. Рентабельный период при втором варианте продлится до 2067 года. Также с целью доразведки запасов категории С2 рекомендовано бурение двух оценочных скважин.

Отдельное внимание на встрече было уделено вопросам воздействия добычи на окружающую среду, выполнена идентификация всех предполагаемых рисков. Так, основными источниками загрязнения при бурении станут дизельные электростанции буровых установок, а при эксплуатации – резервуары хранения, сепарато-

ры нефти и газа, дренажные емкости, стояк налива нефти и другие производственные мощности. Как отметили разработчики, расчеты объемов выбросов загрязняющих веществ в атмосферу произведены согласно утвержденной методике и являются оптимальными.

Для месторождения Карасор Западный предельная эмиссия в атмосферный воздух установлена на уровне порядка 30 т/год. Пиковое значение ожидается в 2032 году, когда добыча нефти достигнет максимума.

Также была представлена информация о водопотреблении, водоотведении и управлении отходами на новых объектах бурения. В частности, водоснабжение для хозяйственно-питьевых нужд будет осуществлять специализированная организация, а для накопления хозяйственных сточных вод и отходов предусмотрено специально отведенное место с последующим вывозом остатков на утилизацию.

НЕФТЕПРОВОД  
АЛТЫКОЛ-КАРСАК

Новые добывающие мощности требуют создания инфраструктуры транспортировки добываемого

сырья. В связи с этим на слушаниях была представлена исчерпывающая информация о проекте строительства нефтепровода Алтыкол-Карсак.

Протяженность нефтепровода составит порядка 42 километров, он свяжет между собой сборный пункт Алтыкол и центр подготовки нефти на месторождении Карсак. Для хранения сырья перед отправкой на переработку на месторождении предусмотрены два резервуара объемом 2000 м³. Согласно оценке экологических рисков, основными источниками загрязнения при строительстве определены передвижной компрессор, битумный котел установки для плавления битума, сварочные и покрасочные работы и другие. Все негативные факторы при строительстве будут сведены к минимуму, алгоритмы для этого заложены в проект и имеют приоритетное значение.

Срок строительства нефтепровода – 1 год, начало работ запланировано на 2026 год. Прогнозируемые выбросы вредных веществ в атмосферу в ходе строительства составят от 0,3004 тонны до 0,5725 тонны. С учетом того, что проект краткосрочный, его воздействие на окружающую среду определено как минимальное, а значимость – низкая.

После детального и предметного разговора присутствующие на общественных слушаниях выразили мнения и задали вопросы разработчикам. Высказанные пожелания при этом были зафиксированы для дальнейшего учета в работе. На все вопросы разработчики и компетентные специалисты АО «Эмба-мұнайгаз» дали полные развернутые ответы. **ЕТ**



## ӨНДІРІСТІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ – БАСШЫЛЫҚ ПЕН ЖҰМЫСШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Ембі өндірісінің табысын молайтудың бір жолы – газды сату арқылы қосымша табыс табуды мақсат еткен **«Батыс Прорва»** газ шоғырын игеру жобасы мен **«Батыс Карасор»** жобалары және **«Прорва мұнай дайындау және айдау цехын реконструкциялау және жаңғырту»** бойынша қолға алынып жатқан жұмыстарға талдау жасалды.

**Батыс Прорва** кен орнындағы газ шоғырын игеру жобасы 2025 жылы басталып, 2027 жылы аяқталады деп жоспарлануда. Осы кезеңдер ішінде мұнай мен газ өндіруді көбейтуге мүмкіндік болады деп сенім білдіріп отыр ембіліктер.

Барлау жұмыстарының оң нәтижесінің арқасында ашылып, өнеркәсіптік пайдалануға дайын **Батыс Карасор кен орны** ағымдағы жылдың қарашасында мұнай өндіруге өз үлесін қоспақшы. Ембіліктер алдында мұнай өндіру жұмысын бастау міндеті қойылды. Осы жоба арқылы қосымша 60-65 мың тонна мұнай өндіруге қол жеткіземіз дейді мамандар.

Компания басшылығының өндіріске сапары «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында жалғасты. Аталмыш басқармада қолға алынған инвестициялық жоба – жылына 100 мың тонна мұнай алуға мүмкіндік беретін **Оңтүстік-Шығыс Новобогат** кен орнында газ дайындау қондырғысының құрылысымен танысты. «Ембімұнайгаз» АҚ алдағы уақытта өзінің **электр энергиясын өндіру** жобасын қолға алуда.

Өндіріс, еңбек қауіпсіздігі, кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі жауапты мамандар бас қосып, кен орындарындағы нәтижесін тапқан, алдағы уақытта қолға алар нақты іс шаралар бойынша өз ұсыныстарын ортаға салды. Жоғарыда аталған екі мұнай газ өндіру басқармасының жауапты мамандарымен болған кездесуде өндірістің көрсеткіштері, шығындарды азайта отырып, табысты еңбекке қол жеткізу, құрал-жабдықтарды жаңарту, ішкі жолдың сапасын жақсарту секілді мәселелер кеңінен айтылды.

«Мұндай кездесулерді өндіріс басында өткізуіміздің мақсаты – сіздерге өндірістің жағдайы жақсы таныс. Сонымен қатар осы кездесулерде өз ойларыңызды бізге ашық айтуға мүмкіндіктеріңіз бар. Қабылданатын шешімдер туралы басшының өз аузынан есті аласыздар. Ембі өндірісінің тынысын кеңейту мақсатында қабылданған тиімді шешімдердің тиісті деңгейде орындалуына сіздер де үлес қосасыздар. Бұл – өндірістің орта деңгейдегі басшыларына үлкен мотивация» де атап өтті жиын соңында **Бас директор Ринат Ізмұханбет**.

### АШЫҚ ДИАЛОГ – СЕНІМДІЛІК КЕПІЛІ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасындағы сапардың екінші күні өндірістік шығындарды оңтайландыру, табысқа қол жеткізудің жолдары талқыланған дөңгелек үстелге жалғасты. Шараға Компанияға қарасты барлық басқарманың жауапты мамандары қатысты. Әр басқармадан келген делегация өкілдеріне бір-ақ сұрақ қойылды. **Байырғы өндіріс алаңдарының шығындарын оңтайландыру мәселесін қалай шешуге болады?** Жиынға келгендер өндіріс шығындарын қысқарту отырып, табыстылықты арттыру жолдары бойынша өз ұстанымдарын ортаға салып, оның жүзеге асу жолдары бойынша пікір алмасты.

Ембі өндірісі кен алаңдарының дені – байырғы кеніштер. Байырғы өндіріс алаңдарының шығындарын қысқарту мен олардың табыстылығын арттыру мақсатындағы бұл екінші кездесу. Бұған дейін Атырау қаласында болған кездесуде басқармаларға нақты тапсырма берілген. **Ескі кен алаңдарының «екінші тынысын» қалай ашамыз?** Компанияға қарасты барлық басқарманың жауапты мамандары бас қосқан кездесуде сол тапсырманың орындалу жолдары туралы нақты өз ұстанымдары тыңдалды.

Тапсырма берілді, орындалу барысы қандай? деген форматта өткен мұндай екі жақты бас қосуларды компания басшылығы алдағы уақытта тұрақты өткізбекші. Бұл – басқару жүйесінің жаңа мәдениетіне, яғни, ашықтық пен жауапкершілікке негізделген маңызды қадам. **ЕТ**





## БІЗДІҢ СҰХБАТ

## «ҚАУІПСІЗДІК ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС»



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұсынысымен тәжірибе алмасу мақсатында Компанияның бір топ қызметкерлері NCOC компаниясында болып, 2 күндік шараға қатысқаны туралы газетіміздің өткен санында жаздық.

Әріптестік қатынастарды дамытуды көздейтін осы сапарды қорытындылай келе, «Не түйдік?», «Қай жұмыс «ақсап» жатыр?», «Біз қандай басымдыққа иеміз?» деген сияқты сауалдар төңірегінде Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек КАРИМОВПЕН арнайы сұхбаттастық.

– Әнуарбек Нұрұллаұлы, бұл сапардан сіздің алған әсеріңіз қандай?

– Тамаша сұрақ, әрі өте өзекті тақырып! Жауабын аздап «ашы шындықпен» араластырып берейін.

Біріншіден, әсерім: Шетелдік кәсіпорындарға барғанда, өндіріс мәдениетінің жүйелілігі, тәртіпке деген сұраныс және қызметкерлердің қауіпсіздікке шынайы бейілділігі ерекше байқалады. Яғни, оларда бұл – «галочка үшін» емес, өмір салтына айналған әдет. Отандық кәсіпорындарда да оң өзгерістер бар, бірақ көбінесе бұл сыртқы талаптан туған формализм деңгейінде қалып жатады.

– Жалпы, өндіріс мәдениетін қалыптастыру жөнінде шетелдік және отандық кәсіпорындарда

айырмашылық бар ма?

– Ал, айырмашылықтары туралы бірнеше тармаққа бөліп айтуға болады. Мысалы, жетекші рөл моделінде: Шетелде басшылар алдымен өздері каска киіп, ережені сақтап, өзгеге үлгі болады (visible leadership). «Өмірлік маңызды қағидалар» сияқты қағидаларды жаттап қана қоймай, өмірде қолданады. Бізде соңғы жылдары қауіпсіздік мәдениетін арттыруға нақты қадамдар жасалды: «Қауіпсіздік – басты құндылық» деген ұран тек қабырғада емес, кейбір бөлімшелерде нақты жұмыс процесіне енген. Дегенмен, орта және төменгі буын басшыларының біркелкі қатысуы – әлсіз тұс. Кей жерде шынайы, кей жерде формалды.

Қауіпсіздік мәдениетінің ішкі мотивациясы: Шетелде адамдар

қауіпсіздікті сақтау – өз өмірін қорғау деп қарайды. Әрбір қызметкер қауіпсіздікке қатысты ұсыныс жасап, тоқтату құқығына ие (Stop Work Authority). Бізде тоқтату құқығы заң жүзінде бар, бірақ оны қолдану мәдениеті әлсіз. Көп адам «ұрыс естимін» деп қорқады.

Оқыту мен коммуникацияда: Олар тренингті «оқу» емес, қызықты тәжірибеге айналдырып жібереді – визуал, ойын элементтері, шынайы симуляциялар. Бізде көбіне презентациямен шектелеміз: «Қай слайдтамыз?» деген сұрақпен. Инструктаж бар, бірақ кейде «оқып беріп, қол қойғызу» деңгейінен аса бермейді. Жаңа тәсілдер енгізіліп жатыр, мысалы, цифрлық форматтар мен интерактивті оқыту, бірақ

кеңінен тарамаған.

– Бұл бағыттағы бізге қатысты нақты ахуалды саралап берсеңіз, қай тұсы озық не кемшін дегендей...

– Яғни, біз алдамыз ба, арттамыз ба? Шынын айтсақ, инфрақұрылым мен мәдениет жағынан – арттамыз, бірақ әлеует пен ниет жағынан – озып кетуге толық мүмкіндік бар. Бізде мықты мамандар бар, тек жүйелі қолдау, басшылықтың үлгі көрсетуі және «Қауіпсіздік – бұл кедергі емес, мүмкіндік» деген ой-сана қажет. Ең бастысы өндірістік мәдениет – бұйрықпен емес, сенім мен үлгімен қалыптасатын дүние. ЕМГ-де бұл бағытта алға қадамдар бар, бірақ шынайы серпіліс үшін ішкі мотивацияны ояту қажет.

– NCOC компаниясындағы өндірістік қауіпсіздікті сақтау мақсатындағы қандай жұмыс сізге ұнады? Неге?

– Маған NCOC компаниясындағы өндірістік қауіпсіздік техникасына байланысты ең ұнаған жұмыс - «Permit to Work» (жұмысқа рұқсат беру) жүйесінің қатаң және жүйелі түрде қолданылуы. Бұл жүйе арқылы қауіпті жұмыстарға алдын ала қауіп-қатерді бағалау жүргізіліп, барлық тәуекелдерге қарсы нақты бақылау шаралары белгіленеді. Маған әсіресе «Job Safety Analysis» (JSA) құрастыру процесі ұнады, себебі ол әрбір жұмысты терең талдауға, ұжымдық талқылауға және қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тек құжат жүзінде емес, нақты

өмірде де адамдардың жарақат алуын азайтуға әсер ететінін өз тәжірибемнен көрдім.

Қосымша қолды қорғауға арналған арнайы құрылғыларды (приспособления) енгізу жұмысы ұнады. Олар қауіпті аймақтарда қолдың кездейсоқ тиюінен қорғайды - мысалы, екі қолмен басқару жүйесі, физикалық тосқауылдар. Мұндай инженерлік шешімдер ЖКК (жеке қорғаныс құралдары) қарағанда сенімдірек, себебі адам факторын азайтады.

– NCOC компаниясындағы қандай жобаны Ембі өндірісіне енгізуге ұсыныс білдірер едіңіз? Оған Ембі өндірісі, ембіліктер дайын ба?

– Керемет сұрақ! Мен NCOC-та қолданылатын «Barrier Management» жүйесін Ембі өндірісіне енгізуді ұсынар едім. Бұл жүйе арқылы әрбір қауіпті операцияның тәуекелдері нақты карта түрінде көрсетіліп, қорғаныс кедергелерінің (engineering, procedural, human) тиімділігі бағаланады. Сонымен қатар, NCOC-та қолданылатын VR тренажерлер мен оқытудың интерактивті әдістері (мысалы, оқиғаға негізделген кейстер) өте тиімді. Ембі өндірісінің ерекшелігі – тәжірибелі мамандар мен өндірістік тәртіптің жоғары деңгейі, сондықтан олар бұл жүйені қабылдауға дайын. Бірақ толық енгізу үшін бастапқыда оқыту мен сананы өзгерту жұмыстары қажет, себебі жүйе қағазбастылықты емес, нақты әрекетті талап етеді. **ET**

## БӨРЕКЕЛДІ!

Көгалдандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу. Бұл – «Ембімұнайгаз» АҚ ұстанатын негізгі қағидалардың бірі. Осы ретте Атырау облыстық әкімдігі мен Компания арасында арнайы меморандум бекітілді. Соған сай, көгалдандыру жұмыстары Атырау қаласының іргесіндегі Талғайран елдімекенінде жүргізілді. 2021 жылы бөлінген жерді зерттеу жұмыстары қолға алынып, 2022 жылдан бастап, ағаш егуге жарамды 70 гектарға жуық жерге талдар отырғызылды.

Бесжылдық меморандум мерзімі аяқталуға таяған шақта, 2024 жылдың қазан айында меморандумға қосымша енгізілді. Соған сай, бұрын тек қала аумағында жүргізілген жасыл желек отырғызу жұмыстары енді алдағы бес жылда ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшелері орналасқан 4 ауданда жүзеге асады. Яғни, бес жыл көлемінде Жылыой, Мақат, Исатай, Қызылқоға аудандарының әрқайсысына бөлінген 20 гектар жерге жасыл желек отырғызылады.

Меморандум талаптарын орындау мақсатындағы Исатай ауданының Аққыстау елдімекеніндегі жоспарлы жұмыстар 2024 жылы басталған. Қазірге дейін ауыл маңындағы 3 гектар жерге 2700 түп көшет отырғызылса, таяуда тағы 100 түп ағаш отырғызылып, жасыл белдеудің ресми ашылуы өтті.

Ашылу салтанатына аудан әкімі Нұрым Мусин, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығы Жасұлан Беркалиев

## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА – ҚАМҚОРЛЫҚПЕН!

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ИСАТАЙ АУДАНЫНДА 2800 ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



және мұнайшылар, сала ардагерлері, әкімдік қызметкерлері қатысты. Ардагер мұнайшылар Құрманғали Мұхтаров пен Кенжабай Сағынғалиев игілікті жұмысқа сәттілік тілеп, салтанатты ашылу рәсімін жасады.

Жобаны жүзеге асырушы мердігер мекеме – «Жер-Ана» ЖШС. Бүгінде тал егу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр, мердігер мекеме көшеттерді отырғызу, қоршау, суару және күтім жұмыстарымен айналысуда. Әр талға жеке суару жүйесі тартылған. Жасыл белдеуді қалыптастыру кезінде жергілікті жердің топырағы мен климаттық ерекшеліктері ескерілген. Егілген көшеттер – осы өңірдің табиғатына бейімделген, өсу қарқыны жоғары ағаштар. Негізінен қара ағаштың екі түрі – ұсақ жапырақты және ірі жапырақты түрлері таңдалды. Жауапты мердігер мекеменің бөлім басшысы Асқар Ниязов бұл экологиялық жағынан тиімді және күтінді жеңіл екенін атап өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Салима Абитова бұл бағыттағы жұмыстар меморандум талаптарына сай, жоғарыда атап өтілгеніндей, Исатай, Мақат, Қызылқоға, Жылыой аудандарында жалғаса беретінін атап өтті. «Ағаштарды суару, күту, барлық агротехникалық шаралар компания есебінен жүргізіледі. Бес жылдан соң күтім жұмыстары аяқталғаннан кейін бұл жасыл белдеулер жергілікті әкімдіктерге ресми түрде табысталады» - деді Салима Жолдасқызы. **ET**



## ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

Әдетте халық арасында мұнайды қара алтын деп атайды. Бір қарағанда сырт көзге қою, қара-қоңыр түсті қоймалжың сұйықтық боп көрінеді. Алайда, біздің жазбамызға негіз болып отырған мамандық иелері – оның алтынтүстес сарғыш, кейде тіпті жасылға да ұқсас болатынын көзбен көріп, қолмен ұстағандар.

Химия өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай, Ембі өндірісіндегі сала мамандары туралы сөз қозғаймыз.

### ЖАСЫЛ, САРЫ ҚАРА АЛТЫН?!

Кен алаңдарындағы зертханалық талдау лабораториялары – өндірістегі аса маңызды құрылымдардың бірі. Дәл осы жерде өндірілген өнім сапасы қорытынды бақылаудан өткеннен кейін тапсырылу үшін жөнелтіледі. Демек, бұл жерде соңғы заманауи құрылғыларды меңгерген мамандардың қолынан өткен мұнайдың әр тамшысы өз құпиясын ашады. Құрамындағы су, тұз, механикалық және өзге де бірнеше қоспалардың мөлшері, тұтқырлығы мен тығыздығы нақты анықталады.

Зертханадағы жұмыс бір сәтке де тоқтамайды. Қызметкерлер ауысыммен жұмыс жасап, белгілі бір уақыт аралығында ұңғымалардан әкелінген сынамаларды қабылдап, күн мен түнге жалғасқан қызметтерін адал атқарады.

Лаборатория – түрлі пішіндегі пробиркалар, химиялық реагенттер мен атаулары көпшілікке беймәлім құрылғылар мен солардың тілін түсінетін білікті мамандардың жұмыс орны. Жоғарыда атап өткеніміздей, мұнай тек қара ғана емес, сонымен қатар алтын, қызғылт сары, тіпті жасыл болуы мүмкін. Мамандардың айтуынша, оның түсі химиялық құрамына байланысты, ал тұтқырлығы сұйық қалыптан қайнатылған қою сүттің консистенциясына дейін өзгеруі мүмкін. Шикізат неғұрлым жеңіл болса, соғұрлым құнды. Қою, қоймалжың өнімнің ауыр болатыны да белгілі. Ал, мұнайдың алуан түскен боялауына құрамындағы шайырлар мен асфальтендер жауап береді.

### «БҰЛ – МЕНІҢ БАЛА КҮНГІ АРМАНЫМ!»

Зертхана іші айнадай таза, жайлы, барлығы өз орнында. Мұндағы жұмыс айтарлықтай физикалық күш салуды қажет етпейді. Алайда, химиялық қоспалармен етене әрекет ететіндіктен басты орында – қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау. Мамандар бұл талаптарды да естен шығармайды. Ақ халат, арнаулы көзілдірік, жапқыш, қолғап. Бұл – зертхана қызметкерлерінің арнайы киімі. Мамандар арасында дәл осы форманы ұнатып, тіпті бала күнінен бұл жұмысқа қызығып өскендер де жоқ емес.

Солардың бірі – өз саласында табысты еңбек етіп келе жатқан ембілік тәжірибелі маман **«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай дайындау және айдау цехының инженер-химигі Бағдагүл Жайкина**. Ол ширек ғасыр бойы



өз кәсібіне адалдық танытып, тер төгіп келеді. Ақтау қаласындағы политехникалық

колледжді бітірген соң еңбек жолын екінші разрядты лаборант болып бастаған ол жиырма жыл тынбай еңбек етіп, қазір – инженер-химик лауазымында. Ол өз жұмысы туралы қойылған сұраққа әркез үлкен қызығушылықпен жауап беріп, қыр-сырын толық түсіндіруден еш шаршамайды.

«Біздің басқармада 10 лаборант және 2 инженер-химик бар. Мұнай құрамын 3 зертханада талдаймыз, екеуінде шикі мұнайды, үшіншісінде тауарлы мұнайды 11 параметрлер бойынша толық талдаймыз. Жұмысымыз өте қызықты! Бала күнімнен ақ халат киіп, дәл осындай жұмыс жасауға қызығушы едім. Енді міне, арманым орындалып, осы салада жүргеніме 25 жылдан да асып барады» дейді ол.

Айта кетейік, Компаниямызда жұмыскерлерді ынталандырудың жан-жақты шаралары қарастырылған. Соның бірі – 12 айдың қорытындысымен өткізілетін «Жыл үздігі» байқауы. Қалыптасқан дәстүрге сай, өзінің қызметтік міндеттерін мұлтіксіз атқарып, жұмыс процесінің ілгерілеуіне үлес қосқан мамандар әр сала бойынша анықталады. Соған сай, Бағдагүл Жайкина өткен жылы «Жыл тәлімгері» аталымының иегері атанды. Ол студенттерді дуалды жүйе бойынша дайындауға тәлімгер ретінде белсенді қатысқаны үшін осынау жетістікке қол жеткізді.

### ТЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЖАҢА ӘДІСТЕР

Осыдан 40 жыл бұрын, 1985 жылы еңбек жолын мұнайлы Мақатта тауарлы оператор болып бастап, соңғы 10 жылдан астам уақыттан бері **«Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен алаңының зертханалық талдау лаборанты** болып еңбек етіп жүрген **Сағира Ниязбаева**



тәжірибелі, білікті маман бір-ақ сәтте қалыптаспайтынын айтады. «Жылдар өте келе тәжірибе молаятыны сөзсіз. Мысалы, мен де Асыл Әбілғазиева, Руслан Ізімберген есімді алдымыздағы білікті мамандардан үйрендім. Қазір химиялық талдау саласында жүргеніме 10 жылдан асып барады. Осылайша, алдыңғы буыннан алған тәлімді кейінгі жастарға жалғау арқылы өндірістегі үздіксіз процестердің өз деңгейінде, тоқтаусыз жүргізілуіне жұмыстанатын мамандардың қалыптасуына әрқайсымыз үлес қоса аламыз» дейді ол.

Күнделікті жұмыс барысында мұнайдың 5 түрлі компоненттерін, яғни, суын, тұзын, механикалық қоспалар және тұтқырлығын, тығыздығын анықтайтынын түсіндіріп өткен маман лабораторияда қолданылатын әдіс-тәсілдер дәл бұрынғыдай еместігін айтады. «Химиялық талдау саласы өзге бағыттар секілді заманауи дамып келеді. Мысалы, суды айыру үшін центрифугаға салу, Дина Старка арқылы анықтау әдістері бұрыннан бар. Ал, қазір көптеген жаңа қондырғылар алынды, олар өте ыңғайлы, зерттеу ауқымы кең. Уақыт талабына сай жаңа технологиялар енгізілуде. Олармен жұмыс жасу үшін біз біліктілік арттыру курстарына жіберілеміз, нұсқамалардан өтеміз» деген ол Компания қызметкерлері арасында өткізілетін «Үздік маман» салалық сайысының үлкен стимул екенін атап, өзін сынау үшін өткен жылдарда қатысқанын жеткізді.

### САПАЛЫ МҰНАЙ ТАПСЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

**«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындау және айдау цехының химиялық талдау лаборанты Гүлшат Азанованың** да аталған



салада тәжірибесі мол. Білікті қызметкер өз мамандығын мақтан тұтады.

«Тауарлы мұнайды 9 көрсеткіш бойынша анализ жасаймыз. Оның құрамында су аз, хлорлы тұздар болмауы, яғни, сапалы болуы керек. Осы салада еңбек еткеніме 35 жыл болды. Бұл мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін, жұмысым өзіме ұнайды. Кез-келген жұмысты жақсы көріп жасасаң, оң нәтиже береді.

Лаборанттың жұмысы – үнемі салыстыру, тексеру, іздеу және талдаулар. Бұл жерде күнделікті бір жұмыс деген ұстаным болғанымен, әр әкелінген шикізаттың құрамы сан алуан. Соған сай, талдау нәтижелері де әр бөлек, қосылатын қоспалардың саны, мөлшері өзгеруі мүмкін.

Бұған қоса, жұмыс барысындағы ұстанатын негізгі міндеттің бірі – қауіпсіздік техникасын қатаң сақтау. Мысалы, мұнайды жалаң қолмен ұстауға болмайды, міндетті түрде қолғап киеміз, өзге де қорғаныш киімдерді талапқа сай киген соң ғана жұмысқа кірісеміз» дейді ол.



Тұрақтылық, достық атмосфера, өз жұмысын жақсы көру және оның маңыздылығын түсіну. Бұл – әр қызметкер үшін негізгі қағидаттар. Ғасырлық тарихы бар Ембі өндірісіндегі сапаның сақшылары – химиялық талдау лабораториясының қызметкерлері өздерінің аса жауапты жұмыстары арқылы қара алтын өндіру ісіне қосып отырған үлестерін мақтан тұтады. Өйткені, сапалы өнім тапсыру – ортақ жұмыстың нәтижелі қорытындысы.

Мереке құтты болсын, әріптестер! **ЕТ**

### «ДЕМАЛЫСЫМЫЗДА ЖҰМЫСТЫ САҒЫНАМЫЗ»

Аталған салада 35 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ химиялық талдау лаборанты Фарзана Мүтишева** осылай дейді. «1990 жылы



салалық оқуды тәмамдаған соң, лаборант болып жұмысқа алындым. Содан бері табан аудармастан осы жерде жасап келемін. Бұл менің жұмысыма деген қызығушылығымның зор екенін, өз мамандығымға адалдықтың белгісі деп білемін» дейді ол бізбен әңгімесінде.

Тәжірибелі маман мұнай құрамын талдау жұмыстарының принципі бұрынғы болғанымен, зерттеу аясы кеңейгенін айтады. «Тауарлық мұнай құрамын зерделеп, 10 анализ жасаймыз. Кейінгі жылдарда оның фракциялық құрамын, органикалық қосылыстарын анықтаймыз. Бұндай маңызды талдау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті құрал-жабдықтар алынып, олармен жұмыс жасау үшін біз де оқытылды. Жұмысымыз өте қызықты. Вахталық ауысыммен жасайтындықтан, демалысқа қуанып шығамыз. Жұмысқа да дәл солай, сағынып келеміз. Бұл ортаның жақсы, ұжымның жайлы, қызметінің өзіне ыңғайлы екенін білдіреді емес пе?!» деген Ф.Мүтишева жұмысын адал атқарумен қатар, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласатынын, Ембімұнайгаз АҚ ұйымдастыратын дәстүрлі спартакиадаға да тұрақты қатысатынын баяндады.



## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ӘРІПТЕСІМІЗ –  
үздіктер қатарында

«Жаңа Қазақстан» инновациялық орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үздік еңбек адамы» республикалық патриоттық конкурсына қатысқан «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат автоколоннасының цементтеу агрегатының 6 дәрежелі машинисі Айболат Қапақов жеңімпаздар қатарынан көрінді.

Е л д і н әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан мамандардың мәртебесін көтеру, еңбекқорлықты насихаттау және жас ұрпаққа адал еңбектің маңыздылығын көрсетуі мақсат тұтқан конкурс 2 кезеңнен тұрды.

Үміткерлер арасынан іріктеліп, лайықты деп танылғандар арнайы шақыртылды. Еліміздің әр өңірінен келіп, бірнеше кәсіп иелерінің басын қосқан салтанатты шара Астана қаласында ұйымдастырылды.

«Үлкен әсермен оралдым. Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылған бұл шараға қатысу өз ісіме деген құлшынысымды одан сайын арттырды. Әр адам өз жұмысын үлкен жауапкершілікпен жасап, ортақ іске үлес қосса, жетістіктерге жетеріміз сөзсіз» дейді А.Қапақов бізбен әңгімесінде.

Лауазымдық міндеттерін лайықты деңгейде атқарумен қатар, аудан көлеміндегі тәрбиелік, қоғамдық шараларға да белсенді қатысатын ол Мақат аудандық әкелер қоғамының жетекшісі ретінде де көптеген іс-шараларға араласқан. Ал, мұнай-газ өндіру саласында еңбек еткеніне 20 жылдан асып барады.

Еңбек адамына құрмет көрсету мақсатында таяуда әріптесімізді Мақат ауданының әкімі Азамат Мамбетов қабылдап, алғыс хат табыс етті. Қоғамдық іс-шараларға да белсенді қатысатынын атап өтіп, адал еңбегі өзгелерге үлгі екенін жеткізді. **ЕТ**



## ҒИБРАТ

Орал-Ембі ауданы үшін аса маңызды кезең саналған 1925-1927 жылдары мұнайлы аймақты ірі аймақтарға бөліп, солардың ішінен техникалық-шаруашылық базасы басқалардан ілгері болғандықтан, Доссор аумағын барлау бірінші кезекке қойылды. Роторлы бұрғылау секілді жаңа әдіс-тәсілдер енгізіліп, жұмыс ауқымы арта түсті. Қарқынды жұмысты өз деңгейінде жалғастыру үшін жұмысшылар қажеттігі белгілі. Соған сай, Баку, Грозный секілді ір қалалардан келген арнайы мамандарға қоса, қазақ жұмысшыларының да санын арттыруды уақыт талабы ғана емес, жұмыс барысындағы қажеттілік деп те бағамдауға болады. Осылайша қарқынды еңбек даласы Доссорда жергілікті халықты оқыту, әлеуметтік жағдайын жақсарту шаралары қарқынды қолға алынып жатқан шақта 1925 жылы біздің жазбамыздың кейіпкері Жібек Сегізәлиева өмірге келеді.



## ЕҢБЕГІ – ЕЛГЕ ҮЛГІ

## МАЙТАЛМАН МҰНАЙШЫ ЖІБЕК СЕГІЗӘЛИЕВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Әкесі Берғам – осы салада тер төгіп, 40 жылға жуық уақыт Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде еңбек еткен жан. Қызы Жібекті әкесі мен анасы Зеріп мейірімге қанық қылып, тәлім-тәрбиеге сусындатып өсіреді. Алайда, ел шетіне жау тиіп, қан майданға мұнай аттандыру көлемін арттыру мәселесі туындап, елдегі шаруашылықты шапыратпай ерлердің орнын басу міндеті бозбала-бойжеткендер мен әйел, қарттардың мойнына жүктелген сындралы шақ туды.

Осы кезде жастайынан әкесінің қызметіне қанық Жібек бұл салаға бет бұруға шешім қабылдап, өңірде ашылған жұмысшы жастардың алғашқы оқу орны – №16 ФЗО мектебіне қабылданады. 1942-43 жылдары осы білім ордасынан оператордың көмекшісі деген мамандық алып шыққан соң, жас маман бірден кәсіпшілікке жұмысқа орналасады.

«Қазақстаннефть» бірлестігінің Доссордағы мұнай өндіру бөлімшесіне 3 разрядты оператордың көмекшісі болып еңбекке араласып, көп ұзамай оператор лауазымына жоғарылатылады.

Сол кездің талап-тәртібі тым қатал-тын. Босаңсуды, жұмысқа салғырт қарауды еш көтермейді. Майданға мұнай жөнелту, оның көлемін түсірмеу сияқты аса жауапты жұмыстардың басы-қасынан табыла білген Жібек Сегізәлиева еңбек майданында шыңдала түсті.

Жас маманның жылдарға жалғасқан табысты қызметі оның кәсіби өрлеуіне, өз саласының үздігі болып, мамандығының қыр-сырын меңгере түсуіне оң әсер етті. Соғыс жылдарындағы кәсіпшіліктегі еңбегі еленіп, «Үздік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалдарын иеленуі – соның айғағы екені сөзсіз.

Жылдар өте келе кәсіби білімі мен тәжірибесі толыққан маман 5 разрядты, кейін 6 разрядты оператор лауазымына жоғарылатылады. Осылайша, еңбекке араласқан кезде алдыңғы буыннан алған тәлімін кейінгі буынға жалғап, Ембі кәсіпшілігіндегі кәсіби мамандардың дайындалып, толығына да үлес қосар шаққа жетеді. Табысты, үздік қызметі үшін «За трудовое отличие» медаліне ие болуы – төккен тердің жемісі.

Айта кетейік, Жібек Сегізәлиева – мұнайшы болумен қатар, саяси салада да қолтаңбасын қалдырған жан. Қызметіне адал, өз ісімен көпке үлгі болған ол ел аманатын арқалап, 1956 жылы Қазақ ССР кәсіподақтар кеңесіне мүше болып сайланған соң, 4-конференцияға қатысады. Кейін бесінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланады.

Салмағы ауыр, жауапкершілігі зор қоғамдық негіздегі жұмысты бірнеше жылдар бойы алып жүргенінде де елдік мәселелерге ден қойып, өз пікір-пайымын жеткізе білді. Өзге өңірлердегі депутаттардың тәжірибелерімен таныса жүріп, олардың озық тұстарын аймаққа енгізуге жұмыстанды. Жұмысшылар арасынан шыққан, халықтың тыныс-тіршілігін етене білетін ол мұнайшы әйел-аналарды қолдау мақсатында балабақша мәселесінің шешілуіне оң әсер етіп, ашылуына себепші болды.

Осындай ауқымды жұмыстарды атқара жүріп, 1960 жылы Қазақстан Компартиясының оныншы съезіне делегат болып сайланып, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Өз ісіне мығым, көтерген мәселенің шешілуі жолында жан аяңбай тер төгетін Жібек Сегізәлиева Кеңестер Одағы әйелдерінің I съезіне делегат болып сайланған кезде де Одақ көлеміндегі әр сала бойынша жетістіктерге жетіп, жұмыскерлігімен көпке танылған еңбек адамдарымен етене

араласып, тәжірибесін молайта түсті. Көрген-білгенінің жақсы тұстарын өзіне тек түртіп алып қана қоймай, іске асырылуы жолында тер төгетін табандылығымен де үлгі бола білді.

Оның мол тәжірибесі, іскерлігі мен алғырлығы сол жылдардағы кәсіпшіліктің ең үздік ұжымы саналатын №1 участоктың шебері болып тағайындалған кезде де қадесіне жарап, өндірістегі жұмыс процесінің өрлей түсуінде қолтаңбасын қалдырды. Еңбегі жанып, 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталса, арада 4 жыл өткенде Ленин орденін өңіріне қадады. Жылдар өте келе, тәуелсіздік алған соң 1999 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді. Атақ-абырой үшін еңбек етпейтіні белгілі, алайда, туған жердің елеп-ескеруі – ерек құрмет. Соған сай, Жібек Сегізәлиева «Доссор поселкесінің Құрметті азаматы» және «Мақат ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленгеніне барлығы шын қуанып, лайықты деп бағалағандары көп нәрсені аңғартады.

Әр адам үшін отбасы – қорған, тіреу. Мұнайшы Жібек Берғалиқызы майдангер Батырхан Утеулиев есімді азаматпен шаңырақ көтеріп, ана, жар бақытына кенеледі. 1945 жылы жас шаңырақты қуанышқа бөлеп, Бақытжан

есімді қыздары өмірге келеді. Ал, екінші қыздары, қазіргі уақытта «Доссормұнайгаз» МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етіп жүрген Бақытгүл Батырханқызымен аз-кем сұхбаттасудың реті келді. «Мені тәрбиелеп-өсірген, жеткізген – аяулы анам Жібек. Өйткені, әкем менің дүниеге келгенімді көрместен өмірден озып кетті. Ол туралы анам мен алдымдағы ағамның жылы естеліктерін ғана білемін. Кішкентай күнімнен арнаулы киіміне май сінген, өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтын мұнайшы анамды көріп өстім. Апам да, мен де өзге мамандықтарды меңгеріп, білім алғанымызбен, тағдыр бізді мұнай саласына алып келді. Апам қазір Ембі өндірісінің адатгері болса, мен – қатардағы қызметкермін. Бірінші алған мамандығым бойынша экономист, маркетинг саласының маманы болсам, жылдар өте келе кеңсені өндіріске айырбастап, қазіргі уақытта қара алтын өндіру ісіне үлес қосып жүргенімді мақтан тұтамын. Анам – менің өмір жолымда да, еңбек жолымда да үлгі болған жан. Жұмысты жауапкершілікпен жасау, қиындыққа мойымау, адал болу сияқты қасиеттерді өз ұстанымы арқылы бойымызға сіңіріп өсірді. Анамыз 90 жасқа таяп, өмірден озды. Әркез үнемі ақылын айтып, естеліктерімен бөлісіп отыратын аяулы жан еді» дейді ол.

**Биыл – даңқты мұнайшы Жібек Сегізәлиеваның туғанына 100 жыл. Ғасырлық белесті бағындырған қарт Ембінің тарихында айшықты қолтаңбасын қалдырған, қара алтын қорын молайтуға үлес қосудан қатар, еңбегімен елге үлгі болған, депутат ретінде жергілікті халықтың жағдайын жақсарту жолында жұмыстанған Жібек Берғалиқызының есімі жылдар өтсе де, жалыларда жаңғырып тұра бермек. ЕТ**

## ҰЛАҒАТ

## САЛА АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

«Мұнай-газ кешені ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің Атырау облыстық филиалының ұйымдастыруымен ел экономикасында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлердің басын қосқан кеңейтілген шара өтті. Сала ардагерлерінің еңбегін ұлығалау, оларды қамқорлыққа алу – отандық мұнай өндіруші компаниялардың жіті назарында ұстайтын игі шарасының бірі.

Бұл кездесудің маңыздылығы – Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына арналғандығында. Ел үшін маңыздылығы зор бұл айтулы дата еліміздің түрлі ұйым, мекемелерінде жыл бойы аталып өтіп, Жеңіске үлес қосқан аға буын, балалық шағын соғыс ұрпаған ұрпақтар өкілдеріне құрмет көрсетумен жалғасуда. Осыған орай еліміздің «Мұнай-газ кешені ардагерлері» ҚБ Атырау облыстық бірлестігі еліміздің мұнай-газ секторында ұзақ жылдар



еңбек еткен ардагерлердің басын қосты.

Алдымен ардагерлер орталық Жеңіс саябағында 80 жылдыққа арналған шеруге қатысып, соғыс құрбандарының рухына бас иіп, гүл шоқтарын қойды. Ардагерлерден арнайы колонна құрылып, қала деңгейінде өткен шараға үлес қосқандары – алғаш рет. Жеңіс

саябағынан басталған кездесу мерекеге орай арнайы ұйымдастырылған дастархан басында жылы әңгімеге, салиқалы естеліктер айтылған шараға ұласты.

Бұл кездесуге мұрындық болған республикалық «Мұнай-газ кешені ардагерлері» ҚБ Атырау филиалының дирек-

торы, Атырау облысының Құрметті азаматы, «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Максим Избасов жиналғандарды осынау ерлік пен елдік көрініс тапқан тамаша мейраммен құттықтай отырып, қазақ мұнайының бастауында тұрған отандық кәсіпорын «Ембімұнайгаз» компаниясының кеңіштерінде соғыс жылдары көрініс тапқан жасампаз еңбекке жан-жақты тоқталды. Аға буынның ерлікке пара-пар жарқын істеріне, мұнайшы қыздардың батыл істеріне де құрмет білдіріп, есімдерін атап өтті. Кездесуде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Ернұр Тасеменов сала ардагерлерін мерекемен құттықтай отырып, бүгінгі Ембі өндірісіндегі жобаларға қысқаша тоқталып, кешегі Ембі кен алаңдарындағы аға буынның табысты істеріне алғыс білдірді. Аға буын бастаған жұмыстардың күні бүгінге дейін сәтіммен жалғасып келе жатқанын зор ризашылықпен атап өтті.

Шара кезінде арнайы дайындалған бейне ролик көпшіліктің назарына ұсынылып, жеке-леген ардагерлерге арнайы Алғыс хаттар мен төс белгілер табысталды. **ЕТ**



Қазақта ұлағатты сөз бар, «Өлі жебемей, тірі байы-майды» деген, бұл күнде ата-анасына құрмет көрсетіп өткенге салауат, болашаққа ғұмырлы жол салған кейбір азаматтардың істеріне сүйсінуге тура келеді. Осының айғағындай, жуырда Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатынан Асхат Атырауовты ұшыраттым. Әкесі Байбосын туралы көзін көріп білгендермен сұхбаттасып, тарих сырын бүркеген мұрағаттарды ақтарып деректер жинап жүрген азаматтың бұл қаракетін – нағыз тәрбиелік мәні бар игілікті іс деп бағалалым. Заманның ағымына сай әр жаққа шашылып, той-домалақ, садақа мен ас беруде шүйіркелесіп басы қосылатын ағайындардан гөрі, қиын-қыстау шақтарда жетімдіктің қасіретін көрсетпей бір-біріне қамқор болған үш ағайындылардың өмірін ой елегінен өткізіп, артынан ерген бүгінгі іні-қарындастарына ұлағаттағысы келгеніне қатты қуандым. Осылайша екеуара әңгімеден соң осы мақала өмірге жол тартты.

Шындығында неміс-фашистерімен қан майданда жаумен арпалысқан, бейбіт өмірде мұнай саласында еселі еңбек еткен Байбосын Атырауовтың өнегелі тағылымын, еңбек жолын бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Алып жыл ғұмырлы өмір кешіп, артына Алма, Сәлима, Сатыбалды, Сәния, Самат және Асхат атты ұрпағын қалдырып, ұл-қыз өсірген Байбосын Атырауов Мақат ауданы, Доссор селосында 1914 жылы өмірге келген. Алайда оны жетімдіктің ащы тағдыры күтіп тұрды. Ата-анасынан айырылған шақта Панақожа ағасы 10 жаста, ал Байбосын 6 жаста қалады. Жетімдіктің зарын ерте тартқан балаларды бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен әкесі Атыраудың інілері ешқайда тентіретпей өз қамқорлығына алып, бауырына басады. Жас кезінен зерек, ағалары Арал мен Тоғайдың тәрбиесінде өскен «құйма құлақ» атанған бала Байбосын еңбекке ерте араласады. Ес біліп, ел таныған сәттен бастап мал бағып, шөп шауып ағаларына қолқанат атанды. Кейін білімге деген құштарлығын байқаған ағасы Арал оны селодағы кәсіптік мектепке береді. Байбосын ағамыз 1931 жылы Доссор поселкесіндегі 7 кластық мектебін бухгалтер мамандығы бойынша

бітіреді. Сол жылы Байшонас мұнай кәсіпшілігінің қаржы-есеп бөліміне жұмысқа орналасады. Байшонас – Ембінің ежелгі, Доссор мен Мақаттан кейінгі үшінші мұнай кәсіпшілігі, Атырау облысының Мақат ауданындағы мұнайшылар кенті. Мұнай кені 1931 жылдан бастап өндіріле бастаған аймақ. Осы жерден Отан алдындағы кезекті борышын өтеуге 1936 жылдың қарашасынан 1939 жылдың желтоқсаны аралығында шекара әскері қатарына шақырылып, радист болып қызметін атқарады. Кейін елге оралған Байбосын ағамыз Байшонас поселкесіндегі мұнай кәсіпшілігіне қайта оралып, бұрынғы есепшілік қызметіне кіріседі. Сол жылдары, яғни 1938-41 жылдары Ембі аймағындағы бұрғылау жұмыстарының 10%-ы, пайдалану бұрғылау көлемінің 28,5%-ы Байшонаста бұрғыланды, мұнайдың жиынтық өнімінің 34%-і осында алынды. Осында жүріп 1940 жылдың 25 шілдесі күні өмірлік серігі Жеміс Қалиякперовамен қосылып, түтін түтетеді. Ұлы Отан соғысы басталған сәтте Байбосын Атырауұлы өз еркімен арызданып, 1941 жылдың шілдесінде Төлеген мұнай кенішінен Отан қорғауға аттанады. Сол кезде Жапонияның Квантун



Киыр Шығыстағы отан қорғаушылар



Сағыз мұнай кәсіпшілігінің өндірістік мәжілісінен бір сәт

армиясының елімізге басып кіруіне жол бермеу үшін, Кеңес мемлекеті соғыс жылдарында Маньчжурия-мен шекарада 40 дивизия ұстап тұруға мәжбүр болды. Сол дивизия құрамындағы Қызыл Армия сапында болған ержүрек жауынгер Б.Атырауов алғашында № 80 жабдықтау станциясы батальон командирінің көмекшісі, әскери ант қабылдаған 1942 маусымынан 1946 шілдесі аралығында № 210 танк полкы командирінің материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі көмекшісі, радиобайланыс бөлімінің бастығы болып соғыс даласын жүріп өтеді. Ол Кеңес Одағының маршалы Мерещков басшылық жасаған №1 Киыр Шығыс майданы әскерлері құрамында Уссори өзенін кесіп өтіп, жапондардың қолындағы Хутоуский, Мишаньский, Пограниченский және Дуннинский аудандарын бұзып, жан баласының аяғы баспаған қатерлі қиын-қыстау 500 шақырым жерді жаяу өтеді. Сөйтіп Мишань, Гирин, Яньцзы, Харбин қалаларын милитаристік Жапонияның Кватун армиясынан тазартады. Бұл кезде одақтастық борышына адал болған Кеңес үкіметі Киыр Шығыстағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қытай халқына оның өз елін шетел құл иеленушілерінен азат ету жолындағы ерлік күресінде

көмек көрсету мақсатында 1945 жылы 8 тамызда империалистік Жапонияға қарсы соғыс жариялайды. Келесі 9 тамыз күні танертең Киыр Шығыстағы кеңес әскерлері мен Тынық мұхиты флоты жапон әскерлеріне қарсы соғыс қимылдарын бастайды. Квантун армиясы жанталаса қарсылық көрсетеді. Бірақ Қызыл Армия оларды тас-талқан етіп жеңеді, сөйтіп Маньчжурия мен Солтүстік Кореяның көп азап көрген халықтарын жапондардың тепкісінен азат етеді. Жапон үкіметі өзінің жеңілгендігін мойындап, 1945 жылы 2 қыркүйекте тізе бүгу туралы актіге қол қояды. Бұл күн адамзат тарихында екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған күн болып, бейбітшілік пен демократия жауларын, фашизмнің қара түнек күштерін талқандаған бостандық сүйгіш халықтардың зарығып күткен ұлы жеңісі орнады. Міне, сол сұрапыл соғыстың бас-аяғында Қызыл Армияның аға сержанты Байбосын Атырауов та болған еді. Сол кездегі қаһарлы күндердің белгісін алға тартқандай болған жауынгер атамыздың ұлы Асхаттың қолында сақталған әскери билетте осы деректер толығымен жазылған. Қаһармандық ерлігі үшін Байбосын Атырауов бірнеше алғыс хаттар мен медальдарға ие болады. Атап айтқанда, «Жауынгерлік ерлігі

үшін», «Германияны талқандаудағы жеңісі үшін», «Жапонияны талқандаудағы жеңісі үшін» медальдарымен марапатталды. Отты жылдарда жаумен арпалысқан ұрыстың алдыңғы шебінде жүргенде 1944 жылы ВКП(б) партиясы қатарына қабылданады. Осылардың ішінде ең қымбаттысы 1945 жылы 23 тамыз күнгі төмендегі Алғыс хат болатын: «Старший сержант Атрауов Байбосин Атрауович За отличные боевые действия, Вам – участнику боев с японцами на Дальнем Востоке в составе 1-го Дальневосточного фронта приказом №372 Верховного Главнокомандующего Генералиссимуса Советского Союза товарища Сталина – ОБЪВЯЛЕНА БЛАГОДАРНОСТЬ». 1946 жылдың желтоқсанында бейбіт өмірге оралған Байбосын Атырауовтың ендігі өмірі Сағыз мұнай кәсіпшілігінде қаржы бөлімінде есепшілік қызметте жалғасады. Бірер сөз, Сағыз – Ембінің көне мұнай кәсіпшіліктерінің бірі. Доссордан 24 км жерде орналасқан. 1937 жылы ашылған, өзімен аттас мұнай кенінің негізінде 1939 жылы іргесі қаланды. Өндірістік инфрақұрылымы соғыс жылдарында жасалды. Ембідегі бүкіл бұрғылау көлемінің 13,6%-ы Сағыздың үлесіне тиді, 10 дюймдік Сағыз-Қошқар мұнай құбыры тартылды, сыйымдылық паркі салынды. Пайдалану кезеңінде Сағызда 1458 тонна мұнай өндірілді. Ел экономикасының локомотиві атанған Ембі мұнайын тиеген поездар легінің есебін шығаруда бухгалтер Б.Атырауовтың да үлкен үлесі бар болатын. 1947 жылы 1 қазан күні Сағыз мұнай кәсіпшілігінде материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінде есепші, бөлім бастығы, 1950-1952 жылдары Доссор мұнай ремесло училищесінде директордың орынбасары (қазіргі мұнай-газ технологиясы колледжі), 1953-1971 жылдар арасында Сағыз мұнай кәсіпшілігінің материалдық-техникалық жабдықтау инженері, коммуналдық шаруашылық қызметінің бастығы, 1971 жылдың 6 қыркүйегінен бастап өз өтініші бойынша Сағыз мұнай кәсіпшілігінің операторлығына ауысады. Осында жүріп кәсіпшіліктің бастауыш партия ұйымының хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін атқарып, бірнеше рет халық депутаттары поселкелік кеңесінің депутаты болып сайланады. «СССР мұнай және газ өнеркәсібінің 100 жылдығы», «Ұлы Жеңістің 20 жылдығы» мерекелік медальдарына ие болады. «Халқына қалаулы, еліне елеулі» атанған жауынгер әкенің өмір жолы осындай еді!

Кылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,  
тарих ғылымдарының  
кандидаты,  
ҚР Тарих және қоғамдық  
ғылымдар академиясының  
академигі

## САН-ФРАНЦИСКО-ВЛАДИВОСТОК САПАРЫНА ҚАТЫСҚАН МАЙДАНГЕР

Аққағаз Жетібаев 1916 жылы Мақат кәсіпшілігінде туған. 1932 жылы Доссордағы ФЗУ мектебін бұрғышы мамандығы бойынша бітіріп, Доссордағы мұнай кәсіпшілігінің бұрғылау кеңсесінде алғашқы еңбек жолын бұрғышының көмекшісі болып бастаған ол 1934–37 жылдары Гурьев балық техникумында оқып, есепші мамандығын алады. Студенттік жылдарында жүзуге машықтанып, техникумның атынан қатысқан көптеген жарыстарда жеңімпаздар қатарынан көріне жүріп, спорт шеберіне кандидат дәрежесіне көтеріледі. Ал, техникумнан кейін Мақат мұнай кәсіпшілігінде есепші болып еңбек етеді де, «Қазақмұнайкомбинатына» жұмысқа шақырылады.

1941 жылы қыркүйек айында Қызыл әскер қатарына шақырылып, Оңтүстік Орал округі бөлімдерінде әскери дайындықтан өтіп, Ленинград әскери училищесіне оқуға жіберіледі. Оқу орнын 1942 жылдың мамыр айында бітіреді де интенданттық қызметтің кіші офицері (кіші лейтенант) шенінде Киыр Шығыстағы әскери-теңіз флотына жіберіліп, осы жерде 1946 жылдың сәуіріне дейін болады. Одақтас АҚШ және Англия елдері немістерге қарсы екінші майдан ашқаннан кейін, яғни 1943 жылдың күзінен бастап АҚШ-тың Сан-Франциско қаласынан Владивостокке дейін үш рет азық-түлік, қару-жарақ, әскери техника тасыған әскери керуендердің құрамында қызмет етеді. 1943 жылы ең алғашқы сапарында жапондар авиациясының әуе шабуылы кезінде бір кеме апатқа ұшырайды. Шабуыл кезінде жарылған бомба сынығынан А.Жетібаев қолынан жарақат алғанымен, келесі сапарларға өз еркімен барып, аман-есен оралған. Германиямен, Жапониямен соғыс аяқталған соң лейтенант



А.Жетібаев Владивосток қаласының №1 ауданындағы сауда порты басқармасының менгерушілігіне жіберіледі. 1946 жылдың сәуір айында Баку қаласындағы сауда порт басқармасының орынбасары қызметіне ауысады. Ал, 1946 жылдың қараша айында денсаулығына байланысты интенданттық қызметінен босап, туған жерге оралады. «Қазмұнайкомбинат» бірлестігінде ревизор-есепші, кейін Мақат, Мұнайлы, Байшонас мұнай кәсіпшіліктерінде бас есепші болып, абыройлы еңбек етеді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанқиярлық іс-қимылдары үшін, «Германияны жеңгені үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Абзал аға 1975 жылы 59 жасында өмірден озды. Артында ұрпақтары қалды.

Орақ ДЕНГЕЛБАЕВ,  
ардагер мұнайшы, өлкетанушы,  
Мақат ауданының Құрметті азаматы



## КАТЫСУШЫЛАР ПІКІРІ

## ЖАСТЫҚ ЖІГЕР ЖАЛЫНДАП...

Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ҚазМұнайГаз компаниялар тобының Жастар форумы өткенін газетіміздің өткен санында жазған едік. ҚМГ-ға қарасты 32 еншілес және тәуелді ұйымдардан қатысқан 200-ден астам мамандар қатарында ембілік жастар да болды. Жаңа буын мамандарын даярлауға көмектесуге бағытталған ауқымды іс-шара қатысушылары алған әсерлерімен бөлісті.

**Аружан ОТАРБАЕВА, «Ембімұнайэнерго» басқармасы арнаулы техника және автокөлік колоннасының диспетчері:**

– Маған форумда өте ұнағаны – жасанды интелект, операциялық менеджмент, өндірістегі көшбасшылық, жүйелі ойлау мен тиімді шешім қабылдау тақырыптарында өткен тренингтер. Бұлардың қай-қайсысы да – жас мамандар үшін аса қажетті, заман талабына сай дағдылар.

Форум менің әріптестермен тәжірибе алмасу отырып, командалық жұмысты игеруге, жаңа технологияларға тың көзқараспен қарауыма зор мүмкіндік ашты.

ҚазМұнайГаз басшысы Асхат Хасенов жастарды осы заманғы мүмкіндіктерді барынша пайдаланып, маман ретінде, жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуға шақырды. Жастардың жауапкершілігі мен ісіне деген адалдығы болашақта мұнай-газ саласы өркендеуінің тірегі болатынын атап өтті.

Осындай жаңа таныстықтар, жаңа білім, жаңа орта қалыптастырғаны үшін ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін.

**Дана СӘУЕНОВА, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ инженер-химигі:**



– Жастар форумына қатысып, Ембі жастарымен бірге керемет әсерлі, пайдалы 3 күнді өткіздік. Бұл – өнерлі, білімді жалындаған жастардың тоғысқан ортасы. Жан-жақтан келген жастар бір-бірімен танысып, қаншама достар тапты.

Бірінші күні спорттық шарамен басталған форумның бір деммен қалай өтіп шыққанын білмей де қалдық. Уақытты өте тиімді, пайдалы, қызықты етіп өткіздік.



Компания басшыларымен дөңгелек үстелде тақырыптық жобалар қорғап, түрлі инсайтар алдық өзімізге. Оған қоса, өз салалары бойынша озық, тренер, коучтардан дәріс алып, «Жасанды интелектті тиімді пайдалану арқылы жұмыс процесін қалай жетілдіруге болады?», «Көшбасы деген кім? Ол қандай болуы керек?», «Операциялық тиімділікті арттыру жолдары қандай?» деген сияқты қызықты тақырыптарды меңгердік.

Жоба қорғау кезінде қатысушылар бірнеше командаларға топтасты. Сол кезде Жаңаөзен, Шымкент, Ақтау қалаларынан келген жастармен бірге бір команда болып, ортақ мақсат, ортақ нәтижеге ұмтылып, командалық тұтастық, бірлесе жұмыс жасау қабілеттерін практикалық деңгейде меңгердік.

Осындай ұстанымдар спорттық шаралар кезінде де жалғасты. Қорытынды шара кезінде қатысушылар өнерлерін ортаға салды. Бұл жерде де неше түрлі форматтағы импровизациялар мен шығармашыл жастардың тың бастамаларын көріп, өзіміз де қатысып, көтеріңкі көңіл-күймен оралдық.

**Әскер ЕРКЕТАНОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы:**

– Өндіріске дрондарды енгізу – бүгінгі заманның талаптарына сай жасалып жатқан маңызды қадамдардың бірі. Бұл технология жұмыс процесін оңтайландырып, қауіпсіздікті арттыруға және өнім сапасын бақылауға үлкен мүмкіндік береді.

Осы тақырыпта тобыммен бірге Шымкентте өткен жастар форумында жоба қорғап, оның басшыларға ұнағаны мені қуантты.

Менің ойымша, өндірісте дрондарды кеңінен қолдану – мұнай-газ өндіру кен орындарында өте тиімді. Мысалы, дрон арқылы қашықтықтан бақылау, инвентаризация жүргізу немесе қауіпті аймақтарды тексеру – адамның өміріне қауіп төндірмей, нәтижелі жұмыс жасауға жағдай жасайды.

Тұтастай алғанда, жастар форумында көтерілген мәселелер Компаниямыздың болашағы үшін аса маңызды деп есептеймін. Қатысушы ретінде өз ойымды білдіру – мен үшін үлкен мүмкіндік. Ұйымдастырушыларға алғыс білдіре отырып, бұл бағыттағы бастамалар болашақта нақты жобаларға ұласады



деп сенемін.

**Саламат САНСЫЗБАЕВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы:**

– Жастар форумы маған ерекше әсер қалдырды. Бірінші күні ұйымдастырылған командалық жарыстар өте қызықты әрі көңілді өтті. Біз тек жарысып қана қоймай, түрлі компаниялардан келген қатысушылармен танысып, бірлесіп әрекет етудің, жеңіске бірге жетудің маңызын түсіндік. Бұл өзара қарым-қатынасты нығайтып, достық пен командалық рухты арттырды.

Форумның екінші күні ҚазМұнайГаз, Ембімұнайгаз, Өзенмұнайгаз және басқа да ірі компаниялардың басшыларымен кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесуде біз көкейімізде жүрген мәселелерді көтеріп, басшылықтан нақты жауаптар мен пайдалы кеңестер алдық. Сонымен қатар, өз идеяларымызбен бөлісіп, олардан оң пікірлер мен қолдау таптық.

Тренингтер де өте мазмұнды әрі пайдалы болды. Мұхтар Бекжановтың жастар көшбасшылығы туралы айтқан ойлары, Ерлан Мустафаның тиімді коммуникация мен тәжірибеге негізделген жұмысы, сондай-ақ Тимур Бектұрдың жасанды интелектті қолдану арқылы жұмысты оңтайландыру туралы мәліметтері менің кәсіби дамуыма үлкен серпін берді.

Жалпы, бұл форум мен үшін жаңа білім, тәжірибе және шабыт көзі болды.

**Әлихан МҰРАТ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы:**

– Жас маман ретінде форумға қатысқаным – мен үшін үлкен тәжірибе. Мұнда еліміздің түкпір-түкпірінен келген мұнай-газ саласының жас мамандарымен танысып, идеяларымызбен, жобаларымызбен бөлісу мүмкіндігі туды.

Шараның басты артықшылықтарының бірі – тәжірибелі мекеме басшыларымен және сала мамандарымен ашық сұхбат алаңдарының ұйымдастырылуы. Олармен пікір алмасу, кәсіби кеңестер алу болашақта өзімді кәсіби тұрғыда дамытуға бағыт береді деп ойлаймын. Сонымен қатар, жасанды интелект курстары мен инновациялық шешімдер бойынша өткен



## «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы тағайындалды

«Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллиннің төрағалығымен өткен жиналыста әр өндірістік құрылымдық бөлімшелердің аталған кеңес төрағалары және басқару аппаратының қызметкерлері ұсынылған үміткерлер ішінен дауыс беру арқылы кеңес төрағасын таңдады. Нәтижесіне сай, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің еңбек қатынастары және кадрларды әкімшіліктендіру бөлімінің аға маманы **Гаухар Қулетова «Ембімұнайгаз» АҚ «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы** болып тағайындалды.

Айта кетейік, қазіргі таңда Ембі өндірісінде 641 жас бар.

Жаңа төрағаның жұмысына сәттілік тілейміз!



секциялық отырыстар да өте мазмұнды болды.

Осындай ауқымды іс-шаралар жас мамандарға үлкен серпін береді деп есептеймін. Форумда айтылған жоба-бастамаларды әрі қарай дамытып, қолданысқа енгізу, озық тұстарын игеру туралы идеяларымды болашақта жүзеге асыру жолында жұмыстанғым келеді.

**Гүлбаршын БҰЛАТҚЫЗЫ, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді іріктеу және дамыту бөлімінің кадрлар жөніндегі аға маманы:**

– Жастар – қашан да қоғамның қозғаушы күші, идеялар мотиваторы. Бүгінгі форум барысында көз жеткіздік. Әр өңірден келген салалық жас мамандар креативті ойлау, тез шешім қабылдау, жан-жақты болу, білімге ұмтылу секілді қажетті дағдылармен алмасып, жаңа ортада болды.

Ембі жастарының қатарында мен де осы шараға қатысқанымға қуаныштымын. Бүгінгі таңда жастар үшін мемлекет тарапынан да, Компаниямыздың тарапынан да көптеген қолдау көрсетіледі. Маман ретінде дамуға, бастама көтеруге, өз ойыңды ашық айтуға жағдай жасалған.

Форумда көптеген тақырыптар көтерілді. Соның ішінде SQ яғни әлеуметтік интелект ұғымы, ұжым ішіндегі корпоративтік рухты нығайту әдістері кеңінен талқыланып, қолданысқа енгізу туралы көптеген инсайттар алдық. **ЕТ**



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



TikTok – @embamunaigas



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Р.Тасмағамбетова** – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Қ.Әбенов** – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

**А.Кенжехорұлы** – Аппарат жетекшісі;

**Ә.Каримов** – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

**Т.Сәрсенов** – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Ғ.Қаражанова** – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

**Г.Қулетова** – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.